

Отбасымен жұмыс істеу қазіргі кезеңде қиындады және нысандар мен әдістерді, жаңа көзқарастарды талап етеді. Отбасының балаларды тәрбиелеу қызметі күрделі бұзылған, ол күн көруге ақша іздеу, өмір сүру мәселесімен басылып қалған, отбасының маңыздылығы шайқалды. Балалар мен ата-ана қарым-қатынастары барынша аз шамаға дейін жиылып тасталған. Бұның себептерінің бірі қазір Қазақстан, басқа да көптеген кеңес кезіндегі мемлекеттер тәрізді, Батысқа теңеседі. Бұл дұрыс емес, себебі біздің дәстүрлеріміз, мәдениеттеріміз бір-біріне ұқсамайды, біздің тіліміз басқа. Бұл қазіргі уақыттағы өте өзекті мәселе, қазір ерекше орынды – адамды құрастыру мен тәрбиелеудің маңызды ортасы ретінде отбасын бекіту және дамыту міндеттері алып отыр.

Тәрбиенің жоқтығы да – тәрбиеге жатады. Қараусыз қалу, қараусыз қалғандағы жағымсыз әсерлер де тәрбиелейді. Өзіне деген назарды сезінбегенде, бала басқаларға немқұрайды немесе долданғыш, қарсы келгіш болады. Бағытталған тәрбиелеуші әсері жоқ, бірақ та жанама түрде бар. Бала отбасында тұрғандықтан және оған оның үлкен мүшелерінің өмір сүру салауаты әсер етеді. Егер олардың барлығын жасыратын болса және егер ата-анасының өмірі ашық болса, егер отбасында көп сөйлесе және көп сөйлемейтін болса, сол жағдайда оларды тәрбиелей бастайды. Мұның барлығы баланың жеке тұлғасының қалыптасуына әсер етеді. Егер жұмыс және басқалар туралы айтып отырса және оларды қалай айтқаны; егер ұрысса немесе табысса; егер отбасы бірлікте немесе әркім өз-өзімен болса; егер отбасында біреуді бүйірлесе және егер әкесі «пәтер жалдаушы» сияқты болса: кеш келеді, үндемей теледидар көрсе, оқыса, ұйықтаса және таңертен білдірмей жұмысқа кетіп қалатын болса, бұл әсерлер де балаларды тәрбиелейді. Мұның барлығы да тәрбие [2].

Балаға бәрі әсер етеді: қайырымды немесе ата-анасы жоқ; олар өміріне қанағаттанады ма немесе барлығына немесе әрбіріне қызғана

қарайды ма; оптимист пе немесе әрқашан «өлгенше шаршаған» және оларға «бәрі пәле болды» ма? Ол үшін олардың мінездерінің алуан түрлігі, олардың неге ұмтылғандары, не қажет екендігі және нені жақсы көретіндіктері, неге қуанатындықтары, неге көңілдерінің түсетіндіктері, неге ашуланатыны, неден қорғанындары немқұрайлы емес. Бала бәрін көреді, естиді, өзінше қабылдайды және өңдейді, оған барлығы әсер етеді және мұның өзі де тәрбие. Жауап тек біреуін талап етеді: мұның бәрі қалай тәрбиелейді?

Балаларды тәрбиелеу барысында оларды тек экономикалық және психологиялық әсерлерден ғана қорғап қоймай, олардың сапалы денсаулығы мен физикалық дамуы үй-тұрмыстық, көліктік сұрақтарды шешуге, олар өмір сүретін ортаның, орталықтың урбанизациясына, индустриализациясына тәуелді [3].

Жоғарыда айтылған факторлардың өзара қарым-қатынасы негізінде (физикалық қасиеттер, ата-аналардың дербес тәжірибесі, отбасындағы мәдениеттің ерекшеліктері мен т.б.) қайталанбас тұлғаның қалыптасуы ойдағыдай жүреді.

1. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. – Астана: Парсат әлемі баспасы, 2005. – 180 б.

2. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 239 б.

3. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.

\*\*\*

В статье представлен системный анализ особенностей воспитания детей, роли и обязанностей родителей, стилей и методов воспитания, видов взаимоотношений детей и родителей в семье.

\*\*\*

System analysis of features of education of children, roles and duties of parents, styles and methods, mutual relations of children and parents in a family is presented.

*Ж.А. Нурбекова, Ж.У. Айдаркулова*

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК МӘСЕЛЕСІ

«Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген екен Дени Дидро. Ерікті волонтер болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың

ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екінші бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жеңдіре білу, командада жұмыс

жасай білу ғана емес, адалдық, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттер керек.

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашақор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҮЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б.

«Асар» – бұл ерте уақыттағы «көмек сұраған» адамдарға ерікті көмек көрсету түрі. Бұл шақыруға келушілер, қыстақ салуда, той және жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға көмек берген. Асар түрлі жастағы және әр түрлі әлеуметтік статуска ие адамдарды бір істе біріктірген-мұқтаж жанға көмек беру. Бұл ерікті көмек беру идеясының таралуындағы алғашқы қадамдар. Ол жеке бір индивидуалдық емес, қоғамдық игілік үшін қажет. Уақыттар өтті, асар әлі де бар, алайда оған паралельді көмектің түрі пайда болды ол-волонтер.

Қазақстан Республикасында волонтерліктің дамуы және дамудағы проблемаларға тоқталардан бұрын волонтерліктің пайда болуына тоқталайық. Волонтерліктің пайда болуы мен даму тарихына тоқталар болсақ. Волонтер түсінігі әлеуметтік қызмет идеясы ретінде өте ескі түсінік, «социум» түсінігі секілді. Адам тарихында ерікті және дүниеқорлық мақсатта емес көмекке ешқашан қоғам қарсы болмаған. Қоғамда әрдайым қоғам игілігі үшін еңбек етуші адамдар болған.

Тарихқа дейінгі кезеңде қоғамда ауылдық жерлерде өмір сүру үшін адамдар бірлесіп өнім жинаған, үй соққан, жол жөндеген. Мүмкін, XIX ғасырда индустриализация, ақша рөлінің жоғарылауы, урбанизацияға қостаушы аутичтілік, анонимділіктер, бір-біріне көмек беру және ынтымақтастық секілді құндылықтарды үзді.

1920 жылы бұл құндылықтар қайта пайда болды, ол жеккөрушілікке қарсы дәру ретінде Бірінші Дүние Жүзілік соғыста пайда болды. Сол жазда Австрия, Англия, Германия және Швециядан волонтерлар, соның ішінде бұрынғы сарбаздар, Вердуна жанындағы ауылды қайта қалпына келтіру мақсатында жиналды, ол ауыл миллиондаған адам өмірін қиған соғыс зардабынан қираған болатын. Міне осыдан кейін адамзат тарихында халықаралық волонтер лагерінде алғашқы волонтерлік қозғалыс пайда болды, ол қазіргі күнге қызмет етуде. Ол французша атауға ие Service Civil International (Халықаралық Азаматтық Көмек), қысқаша S.C.I. Волонтерлік көмек тез таралды 1920-1930 жылдар S.C.I. жалғастырушылар көбейді. Сол уақытта мұндай ұйымдар түрлі еуропалық елдердің жастарының достық қарым-қатынас құру тәсілі ретінде бағаланды. 1929

жылғы қатаң экономикалық кризис кезінде АҚШ-тан бастап Болгарияға дейінгі елдер волонтерлік жұмыстарын жұмыссыз жастарды бос жүргізбей әлеуметтік қажет іспен айналыстырып, тегін тамақ пен төсек орынмен қамтамасыз етілуі үшін ұйымдастырды.

Өкінішке орай, бұл халықаралық ұйымдардың идеялары неміс жұмысшы бригадасы Hitlerjugend Arbeitsdienst және өзге тоталитарлық елдердегі ұйым әсерлерінен бұрмаланушылыққа ұшырады және өзге ағымға бұрылды.

1934 жылы S.C.I. төрт еуропалық волонтерлерді Үндістандағы кедейлерге көмек беруге жіберді. Бұл команда British Volunteer Programme, US Peace Corps, Deutsche Entwicklungsdienst секілді ұйымдардың және өзге топтардың бастамашысы болды. Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейін жас волонтерлер Еуропаның қайта қалпына келтіруіне қатысты. Олар мынадай проектерде жұмыс жасады: Варшава орталығын соғу, батыс Еуропадағы қираған қалаларды қайта қалпына келтіру, Югославиядағы Bratsvo-Edinstvo көлік магистралін құруда. Волонтер халықтар арасында достық қарым-қатынас орнауына өз септігін тигізді.

Қырғи-қабақ соғыс кезінде жүрек пен адам санасының «мұздау» қаупі туды. Адамдар волонтер көмегіне суынуы және волонтерлік бәсекелестіктің мықты құрал болу қауіптері төнді. Алайда, 1948 жылы құрылған ЮНЕСКО-ның және Халықаралық Волонтерлік Ұйымның Координациялық Комитетінің арқасында шығыс және батыстағы волонтерлік ұйымдар жұмыстары тоқтап қалмады. 1960 жылдары американдықтар халықаралық СССР, ГДР және Венгриядағы волонтерлік жұмыс лагерьлерінде болды, онда нағыз адам алмасу болды, нағыз достық пайда бола бастады. Шығыс волонтерлері де батысқа саяхаттады.

Азия, Африка және Латын Америкасындағы волонтерлік қозғалыстар құлдықтан құтылғаннан соң пайда болды.

1960 жылдары дамушы елдерге көпжылдық көмек көрсету программасы бастау алды. Міне сонда олардың деполитизацияға үндеуі басталды. Себебі волонтерлерді Қырғи-қабақ соғыста әскер ретінде пайдалануды тоқтату мақсатында, БҰҰ волонтерлер корпусын тағайындады. 1950 жылдарда ЮНЕСКО-дан жергілікті жерлерде АҚШ-тан, Иорданиядан келген кішігірім волонтерлар тобы жұмыс жасады. Оның мақсаты араб елдерінде және Латын Америкасында сауаттылықты ашу. 1970 жылы БҰҰ-ның Волонтерлік бағдарламасы жасалды. Волонтерлік ол көп ұлтты құбылыс. Жапония, АҚШ, Канада, Австралия, Англия, Италия және өзге дамыған елдердің пайымдауынша, ерікті іс-әрекет демократия принциптерінің қолдауы мен жеңілдетуіндегі негізгі рөл атқарушылардың бірі ретінде түсіндіреді, ең

алдымен, шешім қабылдау процесінде көпшілік азаматтарды тартады. Елдердің үкіметтері ерікті қозғалысқа жан-жақты көмек көрсетеді, түрлі заңдар шығарылады, ерікті қозғалыс бағдарламаларын қабылдайды. Міне солай, Жапонияда еріктілер орталықтарының жүйесі бар, оған жалпыұлттық, префектуралды және муниципалды орталықтар кірді. Жапония Министрлігі волонтерлік жұмыспен айналысуды жүзеге асырумен айналысу негізгі міндеті.

Қазақстанда волонтерлік 1991 жылдан бастап БҰҰ Еріктілер қозғалысы бағдарламасының пайда болғаннан кейін дами бастады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының еріктілер қозғалыс қарарына қаржылай демеуші болды. 1997 қараша айында Қазақстан 100-ге жуық дүние жүзі елдерімен қатар А/RES/52/17 қарарына қол қойып, 2001 жылды Халықаралық Еріктілер жылы деп аталды. Сондай-ақ, Қазақстан Индонезия, Лаос, Маврикия мен Нигер мемлекеттерімен бірігіп 2002 жылдың желтоқсан айында А/RES/57/106 қарарына демеуші болды. Онда былай делінген: «...волонтерлік принципі кез келген стратегияның маңызды компоненті, кедейшіліктің азаюы, тұрақты дамуы, денсаулық, төтенше жағдайлардың алдын алу және басқару, әлеуметтік интеграция және әлеуметтік эксклюзивті жеңу және дискриминация».

Ең алғашқы ҰЕҰ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін құрылды, міне солар алғашқы болып қоғамдағы волонтерлік идеясын көмектің жаңа формасы ретінде, қоғамдық өмірде азаматтық қоғамның араласуы және одақ мәселелерін сол одақпен шешу ретінде таратты. Қазіргі уақытта да волонтерлік сферасы көптеген жетістіктерге жеткеніне қарамай, ол пайда болу кезеңінде, өзіне қызығушылық танытқан барлық мүдделі жақтарды көңіл бөлуді қажетсінеді: ҰЕҰ және халықаралық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және бизнес құрылымдар. 2006 жылы 25 шілде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстандағы азаматтық қоғам 2006-2011 жылдарға арналған дамуының концепциясына» қол қойды. Бұл концепция азаматтық қоғамның ұйымдасуы мен дамуын түрлі коммерциялық емес ұйымдардың ашылумен, мысалға ҰЕҰ секілді ерікті әлеуметті белсенді халықты тартуын қолдайды. Концепция азаматтық қоғам дамуының маңыздылығын көрсеткен. «Волонтер» немесе «Ерікті» сөздері концепцияда көрсетілмеген, тек қана ортақ бағыт берілген, ол «Елімізде азаматтық қоғамның дамуының жоғарғы сатысы ретінде волонтерлік институттың дамуын алу». Еріктілер – демократиялық елдердегі ең үлкен жұмыс күштері саналады. Соңғы уақытта Қазақстанда көптеген еріктілер ұйымдары құрылды. Алайда көпшілігі тек қағаз жүзінде жұмыс жасайды. Әзірше

әлеуметтік жобалар бойынша жұмыс жасайтын бұл ұйымдарды білім, экология немесе мемлекеттік органдар ұйымдастыратын шаралар толғандырмайды.

Желтоқсанның 5-і. Экономикалық және әлеуметтік дамуға көмек көрсетуші еріктілердің халықаралық күні, Дүниежүзілік еріктілер (волонтерлер) күні. Атаулы күні 1985 жылғы желтоқсанның 17-дегі БҰҰ Бас Ассамблеясы 40-шы сессиясының шешімі бойынша атап өтіледі.

Қазақстанда Ұлттық волонтерлік желісі жұмыс жасайды, ол Құрылған уақыты: 2010 жылғы 30 сәуір. БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы және Қазақстанның Азаматтық Альянсының жобасы. Волонтерлік ұйымдарды, волонтерлермен жұмыс жасайтын ҰЕҰ-ларды, сонымен қатар, волонтерліктің дамуына қызығушылық білдіретін жеке тұлғаларды біріктіреді. *Мақсаты:* еріктілік бастамалардың әрі азаматтық қоғамның толыққанды және үдемелі дамуы. ҚР-да волонтерлік мәдениетті дамыту. Желінің дамуы: ҰВЖ мүшелерімен жұмыс: ақпарат алмасу, білім әрі машықтарға үйрету, қолдау көрсету және т.б. (қазіргі уақытта желіге бүкіл Қазақстан бойынша 18 волонтерлік ұйым кіреді). Білім беретін волонтерлік лагерлер/мектептер: 2010 жылдың қараша айында волонтерлермен жұмыс істейтін ҰЕҰ-ларға арнап, Бурабай жерінде халықаралық волонтерлік лагерь өткізілді. Оған Қытайдан келген эксперттер, БҰҰ волонтерлері, АҚШ Бейбітшілік Корпусының волонтерлері қатысты. Биылғы жылдың жаз мезгіліне волонтерлер мектебі жоспарлануда. Халықаралық қызметтестіктің дамуы: Қазақстандағы БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы, АҚШ Бейбітшілік Корпусы, ASA германдық қызметі. Желіге мүше болу арқылы Волонтерлік туралы ақпарат пен қорларға қол жеткізу. Волонтерлікті дамытуға қызығушылық білдіргендерге өзара көмек, өзара қолдау көрсету әрі өзара байланыс орнату. Білім алу мүмкіндігі; іссапарлар. Гранттар алу және бірлескен желілік жобаларды іске асыру мүмкіндігі және т.б. ие болады. ҰВЖ-мен серіктестікте көптеген шаралар өткізілген. Мысалы:

- Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері Қоршаған ортаны қорғау министрлерінің 6-шы конференциясы (MCED-6).
- ЕҚЫҰ Саммиті.
- 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындары.
- Аталмыш шаралардың топтар көшбасшыларын және волонтерлерін дайындау бойынша негізгі жаттықтырушылар – ҰВЖ мүшелері.
- «Бірлігіміз жарасқан! Көптің тілегі – күш!» атты концерт-фестиваль, Астана қ.
- Қазақстан халқы Ассамблеясының 17 сессиясы.

Қазақстандағы волонтерліктің даму проблемаларына келер болсақ. Волонтерліктің де басқа

елдердегі сияқты тарихы тереңде жатыр. Бірақ волонтерлікті дамыту және қолдау мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Бұл әртүрлі себептер мен проблемаларға байланысты:

- Бүгінгі шынайлықпен өзекті болып табылатын волонтерліктің заманауи интрепретациясының жоқтығы;

- Волонтерлік бастамалардың мемлекеттік деңгейде қолдау таппауы, ал бұл мемлекет халқының арасында этикалық және моральдық құндылықтарды қалыптастырудың идеологиялық құралы;

- Волонтерлік бастамаларды, халықтың волонтерлік туралы «дұрыс» ұғымын қалыптастыруды жариялаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының төмен белсенділігі;

- «Волонтерлік қызмет туралы» Заң жоқ, соған сәйкес волонтердің де мәртебесі анықталмаған. Бұл орайда олардың әлеуметтік маңызын ескере отырып еріктілер қызметі туралы жеке заң жобасын әзірлеу өте дұрыс болмақ.

Волонтерлікті дамыту үшін ұсыныс: Осыған байланысты, төменде келтірілген ұсыныстар Қазақстан Республикасындағы волонтерлікті дамытуда септігін тигізеді, ортақ мақсатқа мүдделі жақтардың бірлестіріп; мемлекет, ҰЕҰ.

Мемлекет үшін:

- Волонтерлік туралы заң елімізде волонтерлік статустың жоғарылауымен, жағдай жасау мен волонтерлік құжаттамасы, сонымен қатар волонтерлік институтың қалыптасуы мақсатында қабылдау керек. Волонтерлерді құқықтық қолдау арқылы біз волонтерлер тегін жұмыс күші ретінде пайдалануды тоқтатуда, статусын жоғарылату үшін, волонтерлардың жақсылық жасауына жағдай жасау және халық арасында волонтерлік мағынасын түсіндіруде пайданатын едік.

- Волонтерлардың ел экономикасына үлес қосып жатқандығы туралы ресми зерттеуін қолдау.

- Мектеп жасынан бастап волонтерліктің дамуын мойындау және колледж, университетте оқып жүріп волонтерлікпен айналысатындарға қолдау көрсету.

- Тендер өткізу процесінде әлеуметтік тапсырыс ретінде волонтерлікті дамытуды қосу.

- БАҚ пайдалана отырып Қазақстан бойынша әлеуметтік жарнама жасау және оған қолдау көрсету.

- Орталық Азиялық немесе халықаралық волонтерлермен алмасу бағдарламасын жүзеге асыру.

- Ауылдық жерлердегі волонтерлік ҰЕҰ қолдау көрсету.

ҰЕҰ үшін:

- Волонтерлік туралы заң қабылдауын қадағалау.

- Волонтерлік туралы әлеуметтік жарнамалардың алға басуын қадағалау, соған байланысты түрлі конкурстар ұйымдастыру, БАҚ бірлесу.

- Волонтерлік қызметке аға буын өкілдерін шақыру.

- Ұлттық Волонтерлік желіге ақпарат және тәжірибе алмасу үшін қосылу.

- Ата-аналармен, ұстаздармен, ұйымдармен, волонтерлермен ақпараттандыру істерін жүргізу, ол мәліметтер өте қажет болуы мүмкін. Жас волонтерларды елге қаншалықты маңызды әрі қажет екендігін түсіндіру.

- Мектептерде, колледждерде, университеттерде дамуына септігін тигізу.

- Бизнес құрылымы үшін.

- Жергілікті бірлестіктер үшін әлеуметтік жарнама жүргізуде волонтерларды және волонтерлік ұйымдарды қатыстыру.

- Волонтерлік тәжірибені жұмысқа орналысуда ескеру.

- БАҚ әлеуметтік жарнамалардың жарнамалауына қолдау көрсету.

Осы секторлардың серіктестігі, сонымен қатар халықаралық ұйымдар арқылы Қазақстандағы волонтерлік мәселесінің дамуын жаңа сатыға шығаруы мүмкін. Волонтерлік қозғалыстар сонда да еліміз үшін жаңа құбылыс, өзіндік перспективті қиыншылықтары бар. Волонтерліктің құрылуы азаматтық қоғам тарапынан тиянақты үлес қосуды, мемлекеттік құрылымдар тарапынан түрлі қолдау көрсетуді және бизнестің назар аударуын талап етеді. Міне, сонда ғана волонтерлік қоғамда өзіндік маңызды орынға ие болады.

\*\*\*

В статье рассмотрены проблемы волонтерства в Казахстане как новой высшей ступени развития гражданского общества в нашей стране. Несмотря на достижения в сфере волонтерства, оно находится на стадии становления, когда требуется поддержка всех заинтересованных сторон.

\*\*\*

The problem of volunteerism in Kazakhstan as a new higher level of civil society development in Kazakhstan is considered. Despite of some achievements in the sphere of volunteerism it is still at the initial stage of its development and needs every support of all interested participants.

*Н.У. Шеденова, А.С. Беймишева*

## **ЗНАЧЕНИЕ СРЕДНЕГО КЛАССА В СТАНОВЛЕНИИ СИЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА**

Развитие сильного независимого государства невозможно без сильного, развитого и грамотного гражданского общества. Гражданское общество является главной опорой всякой настоящей демократии: оно способствует ее построению и служит залогом ее сохранения и укрепления. Гражданское общество выступает основным противником популизма государства в сторону тоталитаризма и защищает общество от любых злоупотреблений со стороны властей: препятствует наступлению на права человека, ограничивает коррупцию и выполняет многие другие функции.

Большую роль в становлении сильного демократического государства и развитого гражданского общества играет сильный средний класс. Именно на средний класс должно опираться любое развивающееся, развитое государство. По всем направлениям, а именно в вопросах политических, экономических или социальных преобразований.

Класс – понятие, которое употребляется в социологии в нескольких смыслах: для обозначения социальных страт, составляющих особую, «открытую» систему социальной стратификации, характерную для индустриального общества. Для нее, в отличие от «закрытых» кастовой и сословной систем стратификации, характерны преимущественно статус достижения, «открытые» социальные границы и высокий уровень социальной мобильности; понятие используется как самый общий термин в теориях социальной стратификации для обозначения определенного положения в системе иерархических различий (высший, низший и средний классы); как теоретическое (аналитическое) понятие, лежащее в основе классовых теорий общества [1].

По мнению ученых, средний класс представляет собой совокупность социальных слоев, занимающих промежуточное положение между основными классами в системе социальной стратификации. Этот класс характеризуется неоднородностью положения, противоречивостью интересов, сознания и политического поведения, вследствие чего многие авторы говорят о нем как о «средних классах», «средних слоях». Различают старый средний класс и новый средний класс.

Старый средний класс включает мелких предпринимателей, торговцев, ремесленников, представителей свободных профессий, мелкое и среднее фермерство, владельцев небольших производственных фирм. Стремительное развитие технологий и науки, всплеск в формировании

сферы услуг, а также всеохватывающая деятельность современного государства способствовали появлению армии служащих, инженеров и т.п., не владеющих средствами производства и живущих за счет продажи своего труда. Они стали представителями нового среднего класса.

Практически во всех развитых странах доля среднего класса составляет 55-60%.

Рост среднего класса выражает тенденцию к уменьшению противоречий между содержанием труда различных профессий, городским и сельским образом жизни. Средний класс является носителем ценностей традиционной семьи, что, однако, сочетается с ориентацией на равенство возможностей для мужчин и женщин в образовательном, профессиональном, культурном отношении. Этот класс представляет собой оплот современного общества, его традиций, норм и знаний. Для средних слоев характерен незначительный разброс вокруг центра политического спектра, что делает их и здесь оплотом стабильности, залогом эволюционности общественного развития, формирования и функционирования гражданского общества [2].

Современное понимание гражданского общества предполагает наличие рыночных отношений, правового государства, а также существование устойчивой социальной группы – среднего класса. Связь между средним слоем и развитием гражданского общества носит обоюдный, двусторонний характер. Чем шире, свободнее, благополучнее средние слои, тем более развиты структуры гражданского общества. Не будет преувеличением сказать, что средний класс является основой устойчивости любого государства, любого общества. Чем больше в обществе среднего класса, тем оно более стабильно. Однако сам по себе средний класс – чрезвычайно разнородная масса. И в нем предстоит нащупать новую социальную реальность, которая еще не осознала своей общности, своих совместных интересов. Пока этого не произошло, новый класс не является той силой, которая может претендовать на лидерство в современном Казахстане.

История и теория развития общества показывает, что средний класс выполняет важнейшие функции: во-первых, политическую – гарантирует стабильность сложившейся системы власти; во-вторых, экономическую – создает новые и сохраняет имеющиеся рабочие места, обеспечивает платежеспособный спрос; в-третьих, социальную – сглаживает общественные противоречия, обеспечивая эволюционный характер развития.